ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 22 қыркүйек №7119-23-00-2/10498 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Құсманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Айжан Талгатовна Кабылжанова жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер Айжан Талгатовна Кабылжанова жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Айжан Талгатовна Кабылжанова жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Айжан Талгатовна Кабылжанова жеке кәсіпкері мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот

шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Құсманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 22.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.10.2023, судья Кусманова А. К., 30.10.2023

7119-23-3-1/10200